

# АҚМЕШТ ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

Жаннан қымбат оларға ар,  
Мен жастарға сенемін.



Магжан

№ 49 (430)  
9 желтоқсан, 2021 жыл

ҚАЗАҚСТАН  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ



Балалар көз дәрігері Загила апайдың еңбек жолы Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарын еске түсіреді. Бір қызығы, бұл отбасыны «дәрігерлер династиясы» деп атауға әбден болады. Себебі Загила апайдың жолдасы Мұхтар Фазылов инфекционист болып қызмет атқарады, ал ұлы Ербол стоматолог, келіні педиатр болып еңбек етуде. Денсаулық сақшысы атанған Загила апаймен осы аптада өмен-жарқын әңгімелесіп, сала үздігінің ойын оқырманмен бөлісуді жөн көрдік.

## МЕДИЦИНА: БҰРЫНҒЫ МЕН БҮГІНГІНІҢ АРАСЫ



Загила апайдың денсаулық саласына келуі кездейсоқ емес. Себебі бала күнінде туысқан аға-әпкесі Қармақшаға келген сайын өз мамандығын кішіктейтін қызға жиі насихаттайтын. Өрине, терәптеп болып қызмет ететін үлкендердің сөзі Загила апайды қызықтырмай қоймады. Ал мектепте оқып жүргенде көрші Сағымбек ағай мен Кенже апайдың дәрігер болуы оқушы қыздың осы саланы таңдауына жетелей түсті. Бірақ бұл таңдауға келгенде Загила апай кедергілер болғанын жасырмайды.

— Мектепті бітірген жылы пойызға билет аз болатын. Содан анам «Қызылорда қала берсеңші, мұғалім боласың» деп біраз айтты. Бірақ мен дәрігер боламын деген шешімімнен қайтпадым. Осылайша 1981 жылы Алматы қаласындағы медицина институтына оқуға түстім. Оқуды тәмамдаған соң Қызылордадағы №1 емханға аймақтақ дәрігер болып жұмысқа орналастым. Қосымша балалар ауруханасында пульмонология бөлімінде жұмыс істедім. №1 емхананың бас дәрігері Иван Тажиев: «Загила, сен осында қал, саған үй алып беруге жәрдемесемін» деп ұсынғы айтты. Бірақ 1990 жылдары тоқырау басталып, үй алу қиындай бастады. Мен ауылға қайтамын деп шешім қабылдадым. 1991 жылдардан бастап аймақта балалардың көз дәрігері болып қызмет етіп келемін, — дейді З.Досымжанқызы.

Загила апай жолдасы Мұхтармен институт қабырғасында танысқанын айтады. Бірге оқуды тәмамдаған

соң елге оралып, қызмет жолын бастапты.

— Отбасымыздың басты күңділығы — ата-анаға деген құрмет пен ауызбіршілік. Бір-бірімізге арқа сүйеп, еңбек жолында адал қызмет етуге демел жүреміз. Ұлым Ербол стоматолог боламын деп өзі шешім қабылдады, ал мыңдарым бұл салаға келе қоймады. Немерелерім де өскенде «дәрігер боламыз» деп күнесті қояды. Мен оған қарсы емеспін. Өйткені дәрігер жақсы мамандық деп ойлаймын, — дейді ол.

Әңгіме барысында Тәуелсіздік жылдарындағы сәттерді еске түсірген Загила апай сөз соңында бастап аймақта балалардың көз дәрігері Иван Тажиев: «Загила, сен осында қал, саған үй алып беруге жәрдемесемін» деп ұсынғы айтты. Бірақ 1990 жылдары тоқырау басталып, үй алу қиындай бастады. Мен ауылға қайтамын деп шешім қабылдадым. 1991 жылдардан бастап аймақта балалардың көз дәрігері болып қызмет етіп келемін, — дейді З.Досымжанқызы.

Гүлдана ЖҰМАДИН



## Ақордадағы абырой

Бүгінде жастардың жаңа идеясы мен тың талпынысы қоғамдағы өзекті мәселенің шешілуіне сеп болуда. Ойлау дағдысы, дүниеге көзқарасы алабөтен жас буын өлдегі елеусіз оқиылықтың өзін назарға алып, оны шешу алгоритмін ұсынғуа күштер. Оның ішінде Тәуелсіздік құрдастарының да тың талпынысы байқалады. Күні кеше Ақордада марапаттау рәсімі өткен «Тәуелсіздік ұрпақтары» байқауының негізгі мақсаты да осы. Сан саладағы өтемендік түлектерінің талабын қолдау. Жалағаштық Айсана Намурадин де жеңімпаздар қатарынан көрініп, қаржылай грант иегері атанды.

Бұған дейін Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында Тәуелсіздік жылдары дүниеге келген дарынды жастарды қолдау мәселесі көтерілген болатын. «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты грант тағайындау қажетті, сол арқылы серпінді әлеуметі жол ашатынын жеткізген. Енді, міне, Мемлекет басшысы аталған байқаудың қорытынды шарасында аталған пікірді үстемелеп, ел келешегі Тәуелсіздік ұрпағының қолында екенін айтты.

«Тәуелсіздік ұрпақтары - шын мәнінде жаңа Қазақстанның басты символдарының бірі. Еліміз дербес мемлекет болғаннан бері оны еркін, рухы азат тұтас буын өсіп жетілді. Тәуелсіздік перзенттерінің алдының толқыны ер жетіп, ел ісіне араласа бастады. Олар Отанымыздың өспір-өркендеуіне өз үлесін қосып келе жатыр», — деді Мемлекет басшысы.

«Тәуелсіздік ұрпақтары» грантының жеңімпазы атанған Айсана Намурадин білім беру мен медиа саласында ілгерілеушілікті қалыптастыруға талпынып келеді. Жерлесіміз Байқауға ұсынған жобада жасөспірім буының тәрбие мен өнегені сіндіруін көздепті. Грант иегері мемлекеттен алған қаржыға өзі білім беретін Жалағаш ауданындағы Т.Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицей жанынан коворкинг орталығын ашуды жоспарлауда.

Мемлекет басшысының қолынан марапат алған Айсана Намурадин уақыт тауып, Ақордадағы кездесу барысы мен байқау туралы аз-көп пікір білдірді. «Ақмешт жастары» газеті оқырмандарына сөзлем жолдап, алған әсерімен белгісез жерлесіміз мұндай жетістіктің бастауы тиымсыз еңбек екенін айтады.

— Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолынан «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантының «Медиа» бағыты бойынша 3 млн теңге көлемінде сертификат алу сәтті бұйырды. Ерекше сезім, толқыныс, уайым, қуаныш. Ақордадағы кездесу сәтінде осы сезімдер бойыма қатар тоғысып, ерекше әнін-үйде болдым. Бұл көріністің боларына өзге түгілі өзім сенбегенім рас. Қаншама жылғы тәжірибе, қоғамдық саладағы белсенділік, ұстаздық жолындағы адал еңбек дәл осындай жетістікке жеткізіліміне қуаныштымын. Бұл — еңбектің өлген шағы. Өрбір жетістік оңай жолмен келмейді. Көздеген межеге жетуге деген табандылық, үнемі ізденіс үстінде болу — жетістік кепілі.

Күн-түн демей, көз ілмей жасаған жоба жоғары дәрежеде бағаланып, ойға алған мақсаттың орындалуына күш ашты. Мен үшін марапатты Мемлекет басшысының қолынан алу — үлкен мәртебе, — деді Айсана Қанатқызы.

Жеңімпаз жерлесіміз ағылшын тілі пәні мұғалімі болып қызмет атқарады. Байқауға «Медиа» бағыты бойынша қатысып, мектеп оқушыларына арналған коворкинг орталығын ашу идеясы қолдау тапты.

Айта кетейік, аталған гранттар жана идея мен бастамаларды іске асыру үшін коммунистік негізде ұйымдастырылған. 5 бағыт бойынша барлығы 30 грантты анықтау жүргізіліпті. Атап айтқанда, «Ғылым» — ғылымның басым секторларында жаңа ғылыми жобалар мен зерттеулерді іске асыру үшін, «Мәдениет» — Қазақстанның мәдени мұрасын танымал етуге, халықтың мәдени дәстүрлер мен өнерді ілгерілетуге бағытталған жобаларды іске асыру үшін, «Ақпараттық технологиялар» — жаңа IT-шешімдер мен жобаларды, оның ішінде бастауыш сатыда жобаларды іске асыру және өзирлеу үшін беріледі. Ал «Бизнес» — экономиканың басым секторларында жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін беріледі, «Медиа» — жаңа медиа-жобаларды, оның ішінде жастар үшін танымдық, пайдалы, қызықты контентті құру жөніндегі жобаларды іске асыру және өзирлеу мақсатында жеңімпаз анықтайды. Нәтижесінде Қазақстанның әр өңірінен келген жеңімпаздарға жобасын іске асыруға 3 млн теңгеден грант берілген. Үздік шыққандар арасынан көрініп Айсана да «Медиа» аталымының жеңімпазы.

Мемлекет басшысы марапаттау сәтінде белсенді шығармашыл жастардың жобаларын іске асыру, қолда бар жобаларды дамыту, ғылыми және қолданбалы зерттеулер жүргізу ең маңызды бастаманы екенін атап өтті.

«Бұл — талантты ұл-қыздарымыздың бастамаларын қолдау үшін жасалған қадам. Қазақ «жас келсе іске» деген жақсы сөз бар. Халқымыз жастарға әрдайым сенім артып, ерекше үміт күткен. Ұрпақтың тәрбиесіне, білімі, білікті болуына айрықша ден қояды. Дарынды жастарымыз еліміздің болашағына деген сенімді нығайта түседі. Олардың туған елге қызмет етуге қлшынысын қуантады. Мен грант жеңімпаздары ұсынған жобалармен танысып шықты. Бұл жобалардың көпшілігінде экологияға басқа мән берілгенін байқадым. Бұл өте дұрыс. Өйткені, қоршаған ортаны қорғау қарша азамат үшін аса маңызды мәселе. Кең байтақ жеріміздің бірегей табиғатын сақтау бәріміздің қасиетті борышымыз. Жастардың тың идеялары нақты жүзеге асып, халықтың игілігіне айналады деп сенемін. Шын мәнінде бұл еліміздің мерейтойына Тәуелсіздік ұрпақтарының тартыу болмауы, — деді ҚР Президенті.

Өрбір буының атқаруы ойы мен талғамы бөлек келеді. Өсіресе, жастардың жаңашылдыққа ұмтылысы, қоғамды дамыту арманы арқашан сәтті нәтиже бөреді белгілі. Айсана Намурадинның идеясы да мектеп оқушылары ғана емес, аудан халқының рухани кемелденуіне жол ашарына сенім мол.

Берен ШАҒЫРОВ

## ҚҰРЫЛЫСТАН – САХНАҒА

Студент кезінде жарқырап шыққан жас әнші көптеген қиындықтарға тап болған көрінеді. Отбасындағы мәселелер Гүлмайдың бағытын 180 градусқа өзгертіпті.

— Басында барлығы жақсы болды. Ауылдан жырақтап, Қызылордаға келіп, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіне оқуға түстім. Жанды дауыста өнді жақсы шырақтайтынмын. Ұстаздарым да өнеріме жақсы баға беріп, үлкен үміт артты. Өкінішке қарай 3-курсдан бастап депрессияға түстім. Алдымен анам өмірден озды. Отбасылық мәселе туындап, себақтан тыс қалдым. Сол себепті оқуды аяқтай алмадым. Қазір одан құтылып, жаңа өмірге аяқ басып жатырмын. Карантин бағытымызды өзгертті. Мейрамханаларда жанды дауыста ән шырақтайтынмын. Күнделікті күнөкір қылып жүрген табысымыз пандемияда тұрапай қалды. Амап жоқ. Қызылордадан Алматыға қоныс аударуға тура келді. Бір күннің ішінде шешім қабылдап, әкем мен баламды ертіп, арман қалаға «арман қуып» келдім. Жаңа үйлердің құрылысы басталып жатқанын көріп,

құрылыс жұмысы болып орналастым. Содан бері екі жылдай құрылыста жұмыс істедім. Күнделікті табысым — 8 мың теңге болды, — дейді Дана.

Қазу жұмыста түсірілген бір ғана бейнежазба Гүлмайдың бағын жақты. Туңшыққан өнері өмірге қайта келіп, ғаламаторды жайлады.

Қысқа уақытта осындай танымалдылыққа ие боламын деп ойлаған жоқпын. Бұған көршілі, танымал желі — «Тик-Ток»-та бейнежазба түсіріп жүрген қыз себеп болды. Мен тартынып, қызықпайтынмын. Менен де басқа әншілер келіп, оқырман соларды қарай берсін деп жүрген едім. Бір күні даусым ашылып тұрды. Бөлмеде жаңғырық бар екен. Бар жан-тәніммен беріліп ән айт бастадым. Сөйтсем, мені бейнежазбаға түсіріп тұрғанын байқадым. Кейін қарасам, жан-жақсы шығыпты. Міне, осылай екі күн өтер-өтпестен танымал болып шыға келдім. «Тик-Ток»-та жақсы қаралым жинап жатқанынан кейін қазір көлемшім Гаулар

инстаграм желісін жұрпып тұрып уақытың айтты. Гаулардың ұсынбалы қысыбын алып, өзімнің ән айтқан бейнежазба-ларымыз жүктеп бастадым. Шынығында, әлеуметтік желідегі парақшаны өнерімді дамыту үшін аштым. Барын соңды әлеуметтік желі арқылы тікелей эфирге шылағанмын. Енді бірте-бірте үйреніп келе жатырмын. Бүгінде 62 мыңға жуық оқырманым бар, — дейді ол.

Гүлмайдың үшін соңғы күндер мүмкіндіктер кезеңі болды.

— Халықтың арқасында танымал тұлғалармен байланыс орнатуға жол ашылды. Республикалық телеарналар мен газет сайтарға сұхбатым жарық көре бастады. Қол үшін созытын жомарт жандар табылды. Өнер Сәкен Мәгіязов Т.Жүргенов атындағы өнер академиясында оқымды жалғастыруыма мұрындық болып, музыкалық білімімді аяқтауға мүмкіндік алдым. Белгілі продюсер Жан Мұқанов та байланысқа шығып, жеке ән жаздыруға қол үшін соза берді. Белгілі экономист Дәулет Мұқанов да қолдауын көріп жатырмын. Өрине, халықтың қолдауымен диттеген мақсатқа жетіп, авторлық өндірмді оқырманым ұсынсам деген мақсатым бар, — деп түйіндеді ол.

Ерасыл ШӨРІБЕК



Гүлмайдың үшін соңғы күндер мүмкіндіктер кезеңі болды.





Мерейлі кешке мерейтой иесін құттықтап, өнер саласындағы еңбегін ерекше бағалағандардың қарасы қалып болды. Оған облыс әкімі Гулшара Әбдіқалықова қатысып, өнер майталманын құттықтады.

Қазақөнері мен Сірмәдениетінің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан өнер майталманы, Н.Бөкежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрының көркемдік жетекшісі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Әмір-Темір Хусейін Жүсіпұлының өмір жолы жастарға өнеге. Жақында көпшілікті өнерімен сүйсіндірген азамат сексеннің сеңіріне шықты. Осыған орай «Театр – тағдыр – тұмарым» атты шығармашылық кеш өтті.

# ЖАС ТАЛАНТАРДЫ ШЫҢДАҒАН ТАРЛАН

өтыр. Хусейін ағамызды Сір театрның ғана емес, жалпы қазақ өнерінің дамуына сүбелі үлес қосқан қайраткер деп танымыз. Шығармашылық ұжымды бір арнаға тоғыстырып, сахналық өнерді толыққанды жасауға үздіксіз қызмет атқарып келеді, – деді аймақ басшысы. Аймақ басшысы мерейтой иесіне Сір өлінің өнер саласына қосқан зор үлесі үшін алғыс білдіріп, Қызылорда облысының Құрмет грамотасын табыстап, иығына шапан жапты. Бұл – абыз ақсақалға деген құрмет. Сондай-ақ кеште театр тарланың КСРО және Қазақ КСР Халық артисі Асанәлі Әшімов, Қазақстанның халық артисі Тапғат Теменов құттықтап, маэстроның театр өмірінде қалдырған өзіндік қолтаңбасы мен жоғары репертуарлық талғамын атап өтті. Ал ҚР Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлованың құттықтауын министрліктің жауапты қызметкері Гүлназие Мырзашева жеткізді. Шығармашылық кеште көрікті жазушы, ҚР Мемлекеттік сыйлықтарының иегері Дулат Исабеков және С.Вургун атындағы Әзірбайжан Мемлекеттік орыс драма театрының көркемдік жетекшісі Мирбала Салимли бейнеқұттықтауын жолдады. Айт кетейік, Хусейін Әмір-Темір Сырдария ауданында туған. Қызылорда, Талдықорған, Алматы, Шымкент, Орал театрларының сахнасында түрлі жардамы, әртүрлі стильдегі 200-ден аса



спектакль қойған. Сір өңіріндегі халық театрларында 15-тен аса спектакль сахналаған. Өнер иесінің туындылары отандық және шетелдік театрларда қойылып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Ең бастысы, ғұмырының жартысынан көбін театр сахнасында өткізген майталман жас актерлерге ұстаз болып, шөкірт тәрбиелеп, бар білгенін үйретіп келеді. Өйткені оның тағдыры да, тынысы да, тұмары да – театр.

### ӨЗІҢЕ СЕНЕ БАСТА!

Қызылордадағы «Grand Plaza» қоғамдық үйінде «Өзіңе сене баста!» атты мүмкіндігі шектеулі кәсіпкерлерді өнімдері қойылған облыстық керме-байқау өтті. Оған облыс әкімінің орынбасары Балжан Шөменова қатысып, ағаш, тоқыма, сурет, тағам және басқа да өнімдер ұсынған кәрменемен танымсты. Мақсат – ерекше жағдайда өнімдері мен қызметтері халық арасында насихаттау, кәсібінің өркендеуіне жәрдемдесу, өзге де кәсіпкерлікке ынталы жаңдарға серпін беру. – Жұмыспен қамту – көз келген мемлекет үшін қашанда өзекті мәселелердің бірі. Ал азаматтарды жұмыспен қамтуға бағамсыз – кәсіпкерлік. Өңірде мүмкіндігі шектеулі кәсіпкерлерді қолдау әрі олардың дамуына жол ашу мақсатында «Бизнеске арналған үміт» бірінші сервис орталығынан кезексіз қызмет алу қарастырылған. Сондай-ақ, мүгедектерге арналған онлайн орталығында мүмкіндігі шектеулі азаматтарға кәсіптік орта қалыптастыру мақсатында еліміздегі алғашқы модельдік пәтер ашылды. Кәсіпкерлікті дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы аясында қолдау шаралары жалғасын табатын болады. Бүгінгі байқау сәздердің қайсырықтарыңызды, руы мықты өмірге ұштар жан екендеріңдіз білдіреді, – деді облыс әкімінің орынбасары.

### ӨРІПТЕСТЕР МЕРЕЙІ

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай облыстық ішкі саясат басқармасы және облыс бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінің ұйымдастыруын жастар форумы өтті. Облыстық «Жастар ресурстық орталығында» өткен форумды облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекова ашып, жастардың әрі істеріне тоқталды. – Елбасы Н.Назарбаевтың «Тәуелсіздік тағалымы» атты мақаласында «Ынтымағы жарасқан елдің табысы тасып, абыройы асады. Берекесі қишқан елдің қуаты кеміп, құты қашады. Отыз жыл ішінде біз қасиетімізге беріксіз деген жолымыз өттік. Ауыз топтырып айтар табыстарымыз да аса емес» деген болатын. Расында, Қазақстанның табысы жер қойнауындағы пайдалы қазбаларда емес, жүрегі оттай лаулаған жастардың еңісінде. Отанына адал, сертінге берік, өз міндетін елі міндеті білік қол алатын кәсіби жоғары шыңдалған жастар мемлекетіміздің потенциалдық қоры болып есептеледі. «Паида ойлама, ар ойла, талап қыл артық білуге» деп Абай ағамыз өсиет еткендей, жастардың бойында адалдық, адалдық, адамгершілік сынды қасиеттері берік орнағанды ғана біз жарқын болашақтың бақытын баянды етеміз, – деді Мира Қазбекова. Форум барысында БАҚ өкілдері арасында өткен «Азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін көтеру» тақырыбындағы байқау қорытындыланды. Нәтижесінде әртістеріміз «Halvynq.kz» сайтының редакторы Түскенді Жаман, І орын, облыстық «Сыр бойы» газетінің тілшісі Ержан Қожақов ІІ орын, облыстық «Рухани жаңғыру» орталығының ақпаратты-талдамалық сыйлемдеу бөлімінің маманы, журналист Нұрбану Құдайбергенова ІІІ орынды иеленді. Ал «Таламалы ақпарат» номинациясымен аудандық «Өскен өңір» газеті бас редакторының орынбасары Гүлнар Дүйсебаева, «Әділет тынысы» номинациясымен облыстық «Оу-зүйлi» телеарнасының тілшісі Дәулет Санят, «Рухани тағалым» номинациясымен «Сыр дидары» газетінің бас редакторы Сәкен Алдидібаев марапатталды.

## МАМАҢДЫҒЫМ – МАҚМАҢЫШЫМ

Әр адамның тәрбиесінде ұстаздың алар орны ерекше. Бұл мамандықты балаға бір табан жақын жан таңдайтынды сондықтан шығар. Қазір өзiм қалаған қазақ тiлi мен әдебиетi пәнiнен сабақ беремiн. Айтпағым, бала таза бұлақ секiлдi, кезiн ашсаң мөлдiрел аға түседi, тұнығын лайласаң, қалпына қайта келуi қиын. Әр балада өзiне тән мiнез, зейiн, ептiлiк, икем-дағды бар. Бiздiң бұл жердедi миссия – соған үнiлiп, қабiлетiн анықтап, өмiрге бейiмдiлiгiн қалыптастыру. Атақты ұстаз Ы.Алтынсарин: «Егер бала бiр нәрменi түйсiнбейтiн болса, онда оқытушы оларды кiнәламауға тиiс, оларға түсiндiре алмай отырған өзiн кiнәлеуi керек» деген. Сөздiң жаны бар. Оқушыға кiне артқаннан аулақ болғанымыз жөн. Баланың зердесiне бiлiмдi ұялату үшiн көп тер түзе керек. Ұстаздың оқушыға деген сенiмi оны шындай түсетiн де рас. Өзiмiн де мұғалiмдiк жолды таңдауыма ұстаздарымның берген өнегесi себеп болды. Бүгiнде сол жолды ерекше iзденiспен жалғастырып келемiн. Баланың iшiн пыстыратын бiрсарынды сабақтан қатер алған бiлiмiн мектептен тiс жерде пайдалана алуын мақсат еткен жаңа сипаттағы сабақтарды өткiзуге күш саламын. Сондай-ақ қазiргi күнделiктi сабақта мұғалiмнiң өзiне сабақтан қалай өткенi туралы есеп беру келешекте нәтижесiн көрсетедi деген ойдамын. Себебi ұлы Абайдың өзi есеп берудi дүрыс санаған. «Күндiде бiр мәртебе, болмаса жұмасында бiр, ең болмаса айында бiр, өзiннен өзiн есеп ала!» деген әдеми ойы бар. Әр сабақтан соң мұғалiмнiң сабақты өн бойынан қайта өткiзудi жiберiлген кемшiлiктердi анықтаумен қатар сол оқылықтың алдағы уақытта болмауына қол ашары анық. Оның үстiне қазiр мұғалiмдерге деген құрмет те, талап та жоғары. Елбасы, Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың бастамаосымен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Педагог мәртебесi туралы» Заңға да қол қойды. Бұл Заң мұғалiмнiң мерейiн өсiрiп, мәртебесiн көтеруге тiкелей бағытталып отырғанына қуаныштымын.

Перизат ИМАНБЕКОВА, №247 орта мектебiнiң кәсiби бағдар iсi-жөнiндегi орынбасары

### Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен «Qazaqstan» телерадио-корпорациясы ұйымдастырған «30 жыл – 30 есім» ұлттық байқауының жеңімпаздары анықталды. Телевизиялық жүлде Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай соңғы 30 жылда әр салада жетістікке жеткен бірегей тұлғаларға табысталды.

## «30 ЖЫЛ – 30 ЕСІМ»: ЖЕҢІМПАЗДАР ІШІНДЕ ЖЕРЛЕСТЕР БАР

Байқау ережесі бойынша сарапшылардан құралған арнайы комиссия іріктеуімен елдің ғылым, білім, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы, мәдениет, спорт, кино, дәстүрлі өнер сияқты 10 саласында табысты еңбек етіп келе жатқан кәсіби мамандар таңдалды. Комиссия шешімімен екінші кезенге өткен үміткерлер «Qazaqstan» телерадио-корпорациясының www.qazaqstan.tv ресми сайтында жүргізілген жалпыхалықтық дауыс беруге қатысты. Жеңімпаздар қатарында жерлесіміз Илья Ильин «Спорт саласындағы жетістіктері үшін» номинациясымен марапатталса, термеші, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, жыршы Елмұра Жанабегенова «Дәстүрлі өнердің дамуына қосқан үлесі үшін» төсбелесін тақты. «30 жыл – 30 есім» есім байқауының жеңімпаздары – халықтың таңдауы. Ұлттық ресми сайты үшін арқылда дауыс беруге бір аптаның ішінде 962 858 қазақстандық қатысты. Ұлттық жүлде иегерлерін анықтауда атсалысқан ел тұрғындарына алғыс білдіреміз», – деді байқау жеңімпаздарын марапаттау шарасында «Qazaqstan» телерадио-корпорациясы АҚ басқарма төрайымы Ләззат Танысбай.

### ЖАЛЫНДЫ ЖАСТАР МАРАПАТТАЛДЫ

### ЖАҚСЫЛЫҚҚА ЖУЫС

Жақсылық – адамгершілік пен имандылықты сипаттайтын ұғым. Адамда жақсылықпен ішкі барлығы сол арқылы қалыптасады. Ол арқылы жас та, жасамсыз та өзін мақсат-мүддесін, арман-тілегін нықтайды. Жақсылықпен адам болмасын баға беруге болады және осы ұғым педагогикалық психологияда да, этнопсихологияда да жиі қолданылады. Байқау қарсаңы, қазіргі қоғам осыған мұқтаж. Адам жақсылық жасау үшін де оның бойына жанашырлық, мейірімділік пен жылы жүрек керек. Сол себепті бала дүниеге келген сәттен бастап осы асыл қасиеті оның бойына дартылып, саналы ұрпақ тәрбиеленуге аса назар аударған жөн. Сонымен қатар мектеп педагогтары де балаға білім мен тәрбие берумен қатар олардың бойына адамды құндылықтарды үйітп жолында еңбек етсе, нұр үстiне нұр бопар еді. Ұлт болашағын адамгершілік құндылықтарына бай етіп тәрбиелеу – бүгiнгi бiздiң басты мқсат.

Өлеңді әрлендіретін тек жақсылық пен мейірімділік қана. Сол себепті қашанда жақсылық жолын таңдайық!

Венера БЕКТҰРҒАНОВА, С.Сейфуллин атындағы №417 мектеп-лицейінің өзін-өзі тану пәні мұғалімі

**Бүгінде зейнетақы қорынан жасқа байланысты алуға болатын қаржының жеткілікті шегінің өзгерісі қызу талқылануда. Оның себебі де жоқ емес. Жақында Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры жеткілікті шектің мөлшері 64-83 процентке дейін есетінін мәлімдеген болатын. Бұл жаңалық үй алуды армандап, зейнетақы қорындағы қаржыға үміт артқан талай отбасыға оңайға соқпады. Мұның өзі қоғамдағы жастың мақсат-мүдде, ұмтылысының аяқалысына әсер етері анық.**

Қалай десек те, кенеттен шектік мөлшерді 1,8 есеге өсуі – қоғам күтпеген өзгеріс. Елде баспана мәселесі өршіп тұрған шақта аталған шешімнің қабылдануы қысқынсыз. Себебі зейнетақы қорындағы жиналған қаржының артығын пайдалану арқылы баспанаға қол жеткізуді ойлаған азаматтардың қатары мол-тұғын. Бұған дейін шектік



## ЖЕТКІЛІКТІ ШЕК ЖЕТКІЛІКСІЗ БОЛА МА?

жос	теңге	жос	теңге	жос	теңге
20	3 140 000	34	4 920 000	47	6 920 000
21	3 250 000	35	5 060 000	48	7 090 000
22	3 370 000	36	5 200 000	49	7 260 000
23	3 490 000	37	5 350 000	50	7 430 000
24	3 610 000	38	5 490 000	51	7 610 000
25	3 730 000	39	5 640 000	52	7 790 000
26	3 860 000	40	5 790 000	53	7 970 000
27	3 980 000	41	5 950 000	54	8 150 000
28	4 110 000	42	6 100 000	55	8 340 000
29	4 240 000	43	6 260 000	56	8 530 000
30	4 370 000	44	6 420 000	57	8 720 000
31	4 510 000	45	6 580 000	58	8 920 000
32	4 640 000	46	6 750 000	59+	9 120 000

мөлшерден асатын қаржысы бар 700 мыңнан астам қазақстандық мүмкіндікті пайдалану құқығына ие болды. Тіпті биыл қазан айына дейін Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры артылған ақшасына баспана мәселесін шешуге ниетті 470 мың адамның өтінішін қараған. Нәтижесінде қордан азаматтардың өтінішіне сай ипотекалық алғашқы жарнаны толықтыруға 246,1 млрд теңге, үйді ипотекамен алуға 262,1 млрд теңге, ал ипотека үшін бөreshекті толық және жарғылай өтеу үшін 56,3 млрд теңге бөлінді. Сонымен қатар 53 921 адам зейнетақы қорындағы шектік мөлшерден асқан қаржыны емделуге жұмсауға өтініш білдірген. Қордан дертінге дауа іздегендердің сұранысын қанағаттандыру мақсатында емдеу мекемелерінің есепшотына 49,1 миллиард теңге аударылған екен.

Енді, міне, келер жылдан бастап мұндай өтініш саны мен мүмкіндік айтарлықтай азаймақ. Себебі 2022 жылдан бастап ең төменгі жеткілікті шек өзгеріске ұшырайды. Егер 2021 жылы 20 жастағы салымшы үшін жеткілікті шек мөлшері 1 710 000 теңге болса, 2022 жылдан бастап ол 3 140 000 теңге болады. Әдістемеге сәйкес ең төменгі жеткілікті шек мөлшері әрбір жасқа жеке есептеледі және болашақта зейнетақы төлемі мен зейнетақы жарнасының өсетіні (индекстелуі) де ескерілмек. Мамандардың пікірінше, мұндай өзгеріске «Республикалық бюджет туралы» заңға сәйкес жыл сайын индекстелетін ең төменгі жалақы, ең төменгі зейнетақы, ең төменгі күнкөріс

секіпді әлеуметтік көрсеткіш әсер ететін болады.

Мұндай өзгеріске Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры әлеуметтік желіде мынадай хабарлама жасаған: «2022 жылға әлеуметтік көрсеткіштер мөлшері ұлғайтылғандықтан (атап айтқанда, ең төменгі жалақы мөлшері 2022 жылғы қазіргі 42 500 теңгеден 60 000 теңгеге дейін өседі) 2022 жылға ең төменгі жеткілікті шек мөлшері де көбейтілді», – делінген хабарламада.

Сарапшылар аталған ақпарат әлеуметтік желіде тараған сәттен бастаманың негізгі ержелерінің өзгеруі себебі, күтілетін нәтиже тұрасында ой-пікірмен бөлісті. Соның бірі – халықаралық EXANTE инвестициялық компаниясының сарапшысы Андрей Чеботарев.

Маманның пікірінше, жеткілікті шек мөлшерін ұлғайту бастамасы мақсатты әлеуметтік топтың аяққа тұруына кедергі келтіріп, қарапайым халықтың баспана мәселесінің шешілуін күрделендіруі мүмкін.

«Шыны керек, соңына дейін келер жылдан бастап, жеткілікті шек мөлшерін 1,8 есеге көтеруді жай ғана қателік деп ойладық. Бірақ өкінішке қарай бәрі дұрыс болып шықты. Ең қызығы, бұл бастама халықтың тапқысына салынбады. Алдын ала ешқандай

дерегі айтылмады. Қазір де жауапты мекемелер тарапынан бұл жайында нақты түсіндіру жұмыстары жүргізілген жоқ. Бұл Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен елдегі зейнетақы жүйесіндегі коммуникациялық саясаттың олықылын көрсетіп берді.

Сайып келгенде, бағдарлама байларды байыта түспек. 2021 жылғы жеткілікті шек мөлшеріне сай зейнетақы қорындағы артық ақшаны салымшылардың 7 пайызы ала алатын болса, енді бұл көрсеткіш 3 пайызға дейін кемиді. Азаматтарда бұған дейін артық ақшасы бар салымшылардың қатарына кіруге аз да болса үміт бар еді. Енді оларда бағдарламадан үміт үзуден басқа амал жоқ», – дейді ол.

Ғаламторда шектік мөлшерге қатысты ақпарат тез тарап, қоғам белсенділері тарапынан да талқы тудырды. Мәселен, қаржыгер Дана Жарлығолованың айтуынша, салымшылардың көпшілігі алғашқы күндері банктердегі ипотекаларын белсенді түрде төлеп, ипотекасыз және ипотекамен баспана сатып ала бастаған көрінді.

«Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларындағы көптеген жаңа құрылыстарға Қазақстандық тұрғын үй компаниясының (ҚЖК) кепілдігін күтуге тура келді, лимиттермен және параметрлермен ноунстант болды. 2021 жылдың ектемінде кепілдіктер алынды, игерудің бұл толқыны да өтті. Барлығы бағдарламаны тоқтатқанға дейін үлгеруге тырысты. Бұл адамдардың адал жолмен тапқан ақшасы БЖЗҚ-ның ортақ қаражаты емес, бұл әрбір салымшының жеке ақшасы.

Менің ойымша, көбінесе осындай жеткілікті шегінің күрт көтерілуінен өз баспанасы жоқ және ағымдағы жеткілікті шегінен тыс 1-2 миллион теңге жинақтаған, тұрғын үйді жалға алатын адамдар зардап шекті. Көбісі жалға алған баспанаға емес, өз баспанасы үшін айына 150 мың теңге төлеуге, ипотекамен болса да өзінің алғашқы баспанасын сатып алуы соқтарлады. Олар «Отбасы банктегі» депозитке жеткілікті шегінен тыс соманы аудару және одан әрі тұрғын үй-құрылыс жинақтары жүйесінің қатысушысы болу - тағы бір-екі жыл қазып, тұрғын үй сатып алу үшін зейнетақы жинақтарын тұрғын үйге мерзімінен бұрын пайдалану қатидарына толықтыруды күтті. Жеткілікті шегі ең миллион теңгеге арттыру оларды мұндай мүмкіндіктен айырады», – дейді Жарлығолова.

**P.S. Мүмкіндік көзіне айналған бастаманың өзгеруі баспанасыз жүрген қаншама жастың күдігін молайтты. Бірі өртерек жеткілікті шектен артылған қаржыны алуы ойласса, енді бірі бұл бастаманың нәтиже береріне сенімсіздік танытуда. Не де болса, келер жылы тағы бір жастар мәселесі қыла беретін секілді...**

Берен ШАҒЫРӨВ

Қаржы вице-министрі Руслан Еңсебаев шағын кәсіпкерлік саласындағы нақты ақша айналымын тіркеу бағытында атқарылып жатқан шаруаларға тоқталды.

«Қазір ақшаны Kaspi Gold-пен аудару салу кең тараптып тұр. Бұл мәселені біз Ұлттық банк және Kaspi Bank-пен талқылап жатырмыз. Төлем жүйелері туралы заң тұрғысынан алсақ, оның заңға толық келетін тұрғы жоқ. Ал Салық кодексі тұрғысынан келер болсақ, операциялар тіркелмейтіндіктен заң мен фискализацияға қайшы», – деп мәлімдеді.

Журналист Гүлмира Әбікай халықты дүрліктерін ақпаратты көңілен талдады.

«1 желтоқсаннан бастап Kaspi аударымдарына салық салынады екен». Бұл – негізсіз ақпарат. Kaspi ғана емес, бұл барлық банктердің мобильді қосымшаларындағы аударымдарға қатысты.


Уақытына келсек, бұл заңға Президент қол қойған жоқ. Мәжіліс Сенат бекітті. Қол қоюға жіберілді. Қол қойылып, ресми жарияланған күннен бастап күшіне енеді. 1 желтоқсан, 1 қаңтар деген нақты мерзім жоқ. Кез келген адам ұялы қосымша арқылы аударым жасаса салық ұсталады деген ақпарат та жалған. Бұл өзгерістің жеке адамдардың аударымдарына қатысы жоқ. Дос, туыс, жақындарыңызға бұрынғыдай ары-бері еркін аударып жүре беріңіз. Сізден ешкім «не үшін қаржылайды, не аудардым» деп сұрамайды. Жеке ұлғайтардың аударымында ешкімнің шаруасы жоқ. Ол тек кәсіпкерлерге қатысты. Кәсіпкерлер (дүкендер, бүтиктер) қолма-қол ақшамен ғана аламыз дейді. Көбісі қолма-қолға көшеке, салық төлемейміз деп ойлайды. Бұл қате. Қолма-қол төлемге де салық салынады. Кәсіпкер қолма-қол ғана аламын десе, түбіртек беруді талап етіңіз. Бас тартып, аулақ жүр десе, салық органдарына шағымданыңыз. Бұл ұят емес.

«Зат сатып алу кезінде аударым арқылы төлесек +3% сұрап жатыр». Бұл заңсыз. Өйткені заң әлі күшіне енген жоқ. Кәсіпкерлерді ешкім әлі бақылап жатқан жоқ. +3% алғандар түбіртек беріп жатқан жоқ. Өзгеріс тек Kaspi-ге арналмаған, Заң барлық банкке ортақ. «Kaspi Gold-пен төлем қабылданбайды деген ақпарат таратып жатыр». Бұл да қате ақпарат. Кез келген жерде Kaspi Gold-пен төлем қабылданады. Kaspi Gold жұмыс істеп тұр. ЖҚ, ЖҚС бар, бірақ күнделікті аударымға қатысы жоқ кәсіпкерлер де бақылана ма? Күнделікті аударымға қатысы жоқ ГПХ негізінде айлық, қаламақы, қызмет ақысын алатын кәсіпкер ретінде тіркелуге мұқтаж болғандарға алаңдауға негіз жоқ. Заңды салығын төлеп, қызмет не тауар ақысын онлайн қабылдағысы келетін кәсіпкерлер не істеуі керек? Кәсіпкерлер тауар не қызмет ақысын бұрынғыдай жылдам, онлайн қабылдай алады. Банкоматқа кезекке тұрамыз ба, қолма-қол ақшаны қайта алып жүреміз бе? Алып жүреміз де болады. Мемлекеттің талап етіп отырғанын төлем қабылдадың ба, табыстан салық төле», – дейді журналист.

Кәсіпкерлер салық төлеуі үшін Kaspi Gold-тың жеке ақша аударымын тауар немесе қызмет төлемдерін жасаған кезде жиі пайдаланатын болған. Қолайлы әрі оңай төлем жүргізудің бұл түр Қазақстан тұрғындарының арасында кең қолданысқа ие болууда. ІР-ның қаржы министрілігі мен Kaspi банкімен бірлесіп отырып, бұл төлем жүйесін қалай заңдастыруға болатынын талқылады.

Қазіргі таңда Қазақстандағы ірі банктердің бірі Kaspi банк клиенттері телефон нөмірі тіркелген қарточкалар арқылы қолма-қол ақшасыз жүргізілетін төлем түрін кеңінен қолданады. Бұл төлемді жүзеге ақтаруда комиссия ұсталмайды екен. Сол

**Kaspi Bank арқылы жасалатын аударымдардан салық алынады деген ақпараттың шыққаны белгілі. Бұл көпшілікті ойандырып қойды. Тіпті, такси жүргізушілері қолма-қол ақшаны талап етті. Дүкендер мен сауда орындары да Kaspi Gold арқылы төлем жасалмайтын туралы дабыл қақты. Өзгерістің қарапайым халыққа ешқандай қатысы жоқ. Халық бұған дейін де, бұдан кейін де өз аударымдарын ешқандай пайызсыз жүргізе береді. Өзгеріс шағын және орта кәсіпкерлерге бағытталған еді. Ақшаны миллиондап тапсаңыз, белгілі бір пайызын салыққа жұмсаңыз. Онда да жарлыққа Президент қол қойған жоқ. Демек, заң күшіне енген.**



себеппі ыңғайлы төлем тәсілі бүгінгі күні такси, азық-түлік,

шаштараз және көлік жуу және т.б. қызметтерді жүзеге асыруда

пайдаланылады.

«Бүгінде Kaspi Gold төлемдері – өте танымал механизм. Ол төлем жүйесіне қатысты заңдардың барлық талаптарына сай келді, бірақ салық кодексі мен фискализация талаптарына қарама-қайшы. Біз бұл механизмге тыйым салғымыз келген, алғайда экономикаға кері әсер етпей-ау деген оймен бұл шешімнен бас тарттық», – деді қаржы вице-министрі Руслан Еңсебаев брифингте.

«Қараша күні вице-министр тағы да мәлімдеме жасады. Сөзінен, қартадан қартаға жылдам ақша аудару жүйесі қазіргі кездегі ең ыңғайлы төлемнің бірі.

«Өрине, мұндай ақшаны оңай аудару механизмі қолма-қол ақшасыз төлем жүйесінің дамуына алып келді. Ұлттық банк мәліметіне, бытырғы жылмен салыстырғанда бұл жылы қолма-қол ақшасыз төлем 2,1 есе өсіп, көлемі 92,6 пайызға жеткен» – деді Еңсебаев. Дегенмен, қаржы министрілігі бұл төлем жүйесін бақылау мүмкін емес екендігін, фискалды кезіс азаматтардың құқығын ескермейтін және салықтың төленбей қалуын ескеріп, алаңдан отыр. Осы жағдайды түзеу мақсатында қаржы министрілігі мен Kaspi банк басшылығы бірлесіп жұмыс атқаруға кірісті.

«Бұл туралы Kaspi банктің басшысы Михаил Ломтадзе де айтқан болатын. Алдағы уақытта клиенттер клиентке бағытталған төлем тәсілінің орнын басытын жаңа әрі теңіз құрал жасалатын болады», – деді Руслан Еңсебаев.

**P.S. Салықтан жалтарып жүргендер көп. Табыс көзін жасыратын кәсіпкерлер де жоқ емес. Бұл мәселені алдын алуға қандай да бір шешімді жүзеге асыру керектігін ескерген депутаттар алдағы уақытта оңтайлы шешімді қолға алады деп сенеміз.**

M.КЕНЖЕҒҰЛОВА



Айжан ДАСТАНБЕКҚЫЗЫ, «Қазақстанның үздік студенті – 2020»:

# ӘР КҮН – ЖАҢА ӨМІРДІҢ БАСТАМАСЫ

– Айжан, сіздің республикалық ғана емес, халықаралық ғылыми жобаларда топ жарып жүргеніңізден хабардармыз. Президент шәкіртақысының да игері екенсіз, мұның өзі тек үздік студенттерге ғана берілетін ескерсек, сіздің біріне бірдей үлгеруіңіз бізді таңқалдырды. Мұндай жетістікке жету үшін көп еңбектенген боларсыз?!  
– Өр күн барлық адамға бірдей мүмкіндік пен уақыт беріледі. Сол уақыт пен мүмкіндікті тиімді пайдалану әр адамның өз қолында. Университет табалдырығын аттағанда оқытушылар оң бағыт беріп, білім мен ғылымға деген қызығушылығымды арттырды. Үздік студенттермен таныстыру жұмысынан кейін “Үздік студент атанамын. Президент шәкіртақысының игері боламын” деген мақсат пайда болды. Сол сәттен бастап, сабақтан қолым босаған кезде мақалалар, зерттеу жұмыстарын жазып, жарыстарға қатысып жүрдім. Бұл тұста ғылыми жетекшім,

Теребежқызының еңбегі зор. Университет қабырғасындағы қоғамдық жұмыстарға араласып, белсенді студенттер қатарына қосылдым.  
Өткен жылы 1-курс студенттеріне университет оқытушылары мені «Біздің мақтанышымыз». Осы жылы

қоймай, әртүрлі салаларда және өнімді құрудың әртүрлі кезеңдерінде тиімді технологияларды дамытып, сәтті қолдана алатын білікті тамақ өнеркәсібінің технологтарына қызығушылық танытады.  
Сапалы тамақ – тұрғындар денсаулығының кепілі.

шикізатты алғаннан бастап дайын өнімді буып-түйгенге дейінгі барлық сатыда өндірілетін тамақ өнімдерінің сапасына жауап беретін маман.  
– Бос уақытыңызда тоғызқұмалақ ойнап, эссе жазды екенсіз. Бұдан өзге қандай қызығушылығыңыз бар?  
– Бала кезімнен жаңа нәрселермен айналысуға қызығамын. Жоғарыда аталғандардан бөлек үстел теннисін, шахмат ойнағанды, коньки тепкенді, таза ауада жалғыз жаю жүруді ұнатамын. Сонымен қатар визажистік, кондитерлік қырларым бар. Тоғызқұмалақ пен үстел теннисін ойнауды университет қабырғасында жүріп үйрендім.



өмір сүріп жатырмыз. Қандай іспен айналысамын десек те мүмкіндік өте көп. Тек іздену керек.

Үшінші ұстаным, “Бүгін істейтін істі ертеңге қалдырма. Ертең не боларын білмейсің. Еріншек болма” деп анам ылғи айтып отырады. Қазіргі жастардың басты қателігі де осында. Берілген тапсырманы, жұмысты “әлі уақыт бар ғой” деп ұсыра салады. Соның уақыты тығыз болып, үлгермей қалғанда, түрлі сылтау айтады. Сондықтан берілген жұмысты, сол мезетте орындап тастауға дағдылану керек.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Гүлдана ЖҰМАДИНОВА



Үздік студент атанып, Президент шәкіртақысының игері болды” деп таныстырғанда, кеудемді қуаныш көрнеп, көзіме еріксіз жас келді.

– Қазір «Азық-түлік өнімдерінің технологиясы» мамандығы бойынша білім алуда екенсіз. Бұл саланың басты бағыты қандай? Соңғы жаңалықтарымен де бөлісе отырсыз...  
– Тамақ өндірісінің маңызды бөліктерінің бірі – бұл сапа. Бұл аспект үшін жауаптылық тамақ өнеркәсібінің технологтарына жүктеледі.

Бүгінгі таңда өндірушілер шикізаттың қабылдануынан бастап дайын өнімді буып-түю сәтіне дейін сапаны бақылауды жүзеге асырып қана

Сондықтан тамақ өнеркәсібі технологы мамандығы әрдайым сұранысқа ие болады және оның мәні қазіргі жағдайда өсіп келеді.

Азық-түлік өнімдерінің технологиясы» білім беру бағдарламасының мақсаты еңбек нарығының қазіргі заманғы талаптарына сәйкес инновациялық өнімдерге бағытталған, бәсекеге қабілетті мамандардың кәсіби өсуіне және тұлғалық дамуына негіз ретінде сапалы даярлау болып табылады. Азық-түлік өнімдерінің технологи – бұл

Екіншіден, қолымнан келмейді, білмеймін, мүмкін емес деген жай бос сөз. Біз дамыған заманда

Шет тілді оқытудағы негізгі мақсат – сол тілде коммуникативті қалыптастыру және дамыту, оны еркін игеру. Шет тілі – қазіргі заманның талабына сай қоғамның әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени дамуының қайнар көзі. Қазір шет тілін оқыту әдістемесінің дөңгөйі де жоғары.



кураторым, анамдай қамқор, әпкемдей ақылшы, құрбымдай сырлас болып кеткен Гүлжазира

## «English Speaking club»: қатарға қосыл!

Тіл дамыту жолдарын дұрыс ұйымдастыру – тіл үйренушілердің ойлау қабілетін, сауаттылығын арттырудың негізгі жолы. Облыстың ішкі саясат басқармасының «Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығы» КММ-нің ағылшын тілі мамандары өңірдің ерекше тұрғындарының ағылшын тіліне ерекше сұранысын ескере отырып, тіл қурсынан бөлек «English Speaking Club» деп аталатын ағылшын тілінде пікірлесушілер клубының жұмысын жолға қойып отыр. Бұл орталық мамандарының курс жүргізумен ғана шектелмейтіндігін, шығармашылық белсенділігін, сонымен бірге іскерлігін аңғартады. Клубты құрудағы басты мақсат – тіл үйренушілерді шетел тілінде еркін сөйлеп, ойын сауатты жаза білетін дәрежеге жеткізу. Ал бұл тілде тіл

үйренушілер дұрыс қарым-қатынас жасай алу үшін олар ауызша айтылған сөзді тыңдап түсінуі тиіс. Шетел тілінің қызметі – тіл үйренушілерді өздері үйреніп жатқан тілде сөйлейтін халық туралы түсінік қалыптастыра отырып, өмірге көзқарастарын жан-жақты дамыту, оны өз ұлтымызды ерекшеліктерімен салыстыра отырып талдай алуға баулу. Осы ретте бастаманы жүзеге асыруды барынша кәсіби біліктілігін салып жұмыс істеген орталық оқытушысы Әсел Бөлекбайқызының еңбегін ерекше атап өтіміз келеді.

Тәжірибе, практика және тек сөйлеу практикасы қалаған нәтижеге әкеледі. Тіл үйренуге бір теория жеткілікті. Біздің де басты мақсат осы. Сөйлеу шеберлігі кез келген шет тілін үйренуде маңызды.

Кейбір тіл үйренушілер грамматиканы оңай меңгеретіндерін, шетелдік әдістемелерді рахаттана оқып, аудиожазбаларды да түсініп тыңдайтындарын алға тартады, бірақ ағылшын тілінде сөйлесуге келгенде жауап бере алмайтынын көп айтады. Бұл көбінесе білімнің жоқтығынан немесе шектеулі лексикаға байланысты емес, сөйлесу тәжірибесі мен психологиялық кедергіден болып отырады.

«English Speaking Club» кездесулері алдын ала фейсбук, Instagram әлеуметтік желілерінде хабарландырылып отырады. Әзірге клубтың тұрақты мүшелері – ағылшын тілінде білім алып жатқан студенттер.  
Тілді оқытуда интерактивтік тәсіл, ойындар, екеуаралық пікірталастар қолданылады. Түрлі тақырыптарға лайықталған қарым-қатынас ситуациялары, мәтіндер, тілдік материалдар, лексикалық, грамматикалық, фонетикалық, практикалық біліктер, сөз әдептері, оқу әрекетінің тиімділігін іске асыратын жалпы оқу білік дағдылары қатысушының тілдік деңгейіне лайықталып ұсынылады. Ағылшын тілі – әлемдегі тілдер арасынан көркемдігі мен бейнелілігі, тазалығы мен сөздік құрамының молдығы жөнінен дамыған тілдердің бірі. Ағылшын тілінде сөйлеуді үйрету үшін қолданылатын оқыту әдісінің мазмұны тілдік тұлғаның тілдік қарым-қатынаста жинаған білімінің, қалыптасқан дағдысының, игерген шеберлігінің жиынтығына байланысты. Кейінгі кезде мультимедиялық, гипермәтіндік, желілік және коммуникациялық ақпараттық технологиялардың пайда болуы шетел тілін тиімді оқыту үшін үлкен мүмкіндіктерге жол ашты. Мультимедиялық технологиялар мәтіндік құжаттарға, графикалық суреттер, дыбыс және бейнекөріністерін пайдалануға мүмкіндік береді.

Тіл үйренушілердің ағылшынша сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін сөйлеудің дұрыс үлгісін көрсету керек. Оқушының сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін: сөзді, сөз тіркестерін дұрыс айтуға үйрету, мәтінді, өлең сөздерді айтқанда дауыстың анық болуын қадағалау, сұрақтарға жауап беру, дұрыс сөйлеуге үйрету, сұрақ қоя білу мен өңімінен бастау, жалғастыру, аяқтай білу қабілетін қалыптастыру сияқты жұмыстар қатар жүреді. Сондай-ақ берілген мәтіннің мазмұнын айту мен сөйлеу үлгілерін сауатты түрде құрастыра білу, диалог арқылы сұхбаттасу сияқты жұмыстар кеңінен жүргізіледі. Осындай жұмыс кең түрде жүрген тұста қатысушының сөйлеу ерекшелігі күннен күнге дамып, жан-жақты артып отырады. Тіл үйренушінің сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін ол меңгерген лексикалық материалдар бойынша тапқылауға қатысып, мәтін бойынша түсінігін еркін жеткізе білуге дағдыланады. Қойылған сұрақтарға тез және нақты жауап беру және сурет бойынша әңгіме құрастыру, әртүрлі жағдайға байланысты сұрақ қоя білу мен схема бойынша сөйлемдер құрастырып айту жұмыстары басты рөл атқарады.

Елбасы Н.Назарбаев республикалық білім және ғылым қызметкерлерінің III съезінде сөйлеген сөзінде білім беру ісін реформалауды стратегиялық міндеттердің бірі ретінде шығармашылық тұрғыдан бәсекешестікке сай үш тілді жетік меңгерген, жан-жақты дамыған және тұлғаны оқып-тәрбиелеу деп атап көрсеткен белгілі. Бұл ретте диалогтік оқытуды, оның ішінде Мернердің зерттеушілік әңгіме түрін тиімді пайдалану, оқу арқылы тіл үйренушінің жан-жақты жетілуді заман талабынан туындап отыр.

Айдана МАХАМБЕТ, облыстық тілдерді оқыту орталығы директорының орынбасары





Он тоғызыншы ғасырдың бірінші жартысында француз баспа саласында «40 франктік революция» деп аталатын оқиға болды. 1836 жылы журналист Эмиль де Жирадин коммерциялық мақсаттағы «La Presse» газетінің негізін қалады. Газет тарихи-шытырман оқиғалы роман-фельетондар шығып тұратын тұңғыш басылым өді. Оған жазылу бағасы 40 франк – басқа басылымдардың жарты бағасына тең.

Газет бірден мол пайдаға көнелді. Көп ұзамай-ақ, барлық бұқаралық ақпарат құралдары бір-бірінен танымал авторлардан қымбатқа сатып алып, шытырман оқиғалы романдарды жариялауға көшті.

Бұл – жалпы жұртшылықтың романдарға алғаш қол жеткізуі еді. Себебі бір кітаптың құны жылқыға тең болатын. Бедерлі шошқа терімен қапталған фолианттарды сатып алуды көз келген адамның қалтасы көтермейді. Ал газеттер тиын-тебен тұратын. Әрбір сауатты француз танымал автордың жазылып жатқан романының жаңа тарауларын газеттен оқи алатын болды. Сол кездегі француздың атақты сыншысы Сент-Бев «өндірістік әдебиет» деп атаған құбылыс осылай пайда болды. Бүгінгі тілмен айтқанда, бұл – әдебиет бизнеске айналған уақыт еді.

Сыншылар ол «өндірістік әдебиетті» қалай қабылдады? Осы терминнің авторы Шарль Огюстен де Сент-Бев «Әдебиеттегі меркантилизм» атты мақаласын жариялаған. Сол уақыттың басқа сыншыларымен айырмашылығы – мақаладағы ой қазіргі уақыт үшін де өзекті. Сондықтан автордың кейбір үзік ойларын ойша қазақшалап, оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік:

**Ашкөз жазушылар**  
Жазушыларымыздың көбі моральдық-саяси идеалдармен сусындауды құяды. Қазіргі әдебиет адамдарын шығармашылыққа ымыл талпындыратын мотивтер – бос мақпан, бәсеке мен күнкөріс қамы ғана. Өндірістік әдебиет белтердесін шешіп, өз болмысын осылай көрсетіп отыр. Қазіргі әдебиеттің айрықша бөлісі, жалпы біздің дәуірімізге тән қасиет – тым ашық түрдегі дерексіз пән сараңдығы.

**Баспагерлер**  
Соңғы жылдары кітапқа деген сұраныс қатты төмендеді – кітап саудасы өліп барады. Оқырманға қаншама қиянат жасалды: әрнәзі ғана әдеби қымбат томдарда ескі жаңа бет, шалты-бұтты сандырақ пен арысздық талап мақталды. Сондықтан оқырман қауым тура мағынасында мәлімте ұқсап кетті.

**Кесібі біліксіздік**  
Кітап жазу мен басып шығару барған сайын жазушылықтың бөлісі болудан қалды. Кім көрінген «Неге маған да жазбаққа?» деп тыраштанатын болды. Ерлер әулеті сүйіл қосылған өзінен махаббаты туралы жазады, әйелдер де қалыс қалмай, бүркеніш аптен болса да болытып жазып жүр. Дүниеде өз бетімен, қаламына ғана сүйеніп өмір сүріп, айналасына тірек болған бейшара жазушының табанды еңбегінен асқан қірметті, жанашырлыққа лайықты нәрсе бар ма?

**Жарнама**  
Жағымсыз жарнамалар кітап ісіне апат әкелді: оны өлтірудің түрліамалын жасап бақты. Қалай? Өте оңай. Хабарландырулар, кітап туралы анонсоньқ құнын екі есе арттырады. Бірақ, кітап таралымыа шыққан бойда жарнаманың ақысы төленуі керек. Жаңа тұндыны жарнамалап мыңдаған франк шығынға әкел соғады. Осыны ескере отырып, баспагерлер авторлардан бір томның орнына екі том жазуды талап ете бастады. Өйткені кітап жарнама үшін қосымша шығындарды ақтауы қажет. Басқаша айтқанда, кітап қаншалықты қалың болса, соншалық пайда әкеледі.

(Қазіргі таңда коммерциялық самиздатта жарнамаға салынған инвестиция әдетте кемінде сериядағы үш кітаптан кейін шығын ақтай бастайды. Сол сияқты, ол уақытта бір томдық кітапты жарнамалау тиімсіз болды.)

**Коммерциялық авторлар мен олардың кітаптары**  
Бет толтыруды, айтылмақ ойды мейлінше соза түсуді ғана мақсат еткен кітаптан не күтуге болады? Газет форматының ұлғаюы, романдарды бөліп басу бос сөздің, керексіз суреттеулер, мағынасыз эпитептердің көбеюіне әкелді.

Романдарын тек диалог арқылы жалғастырып жазатын жазушылар пайда болды. Өйткені әрбір кейіпкер өзіннен кейін сөйлеп азат жолдан басталады. Сөйтіп, жол саны көбейді. Кітаптың ар жолы деген не? Бүгінгі романдарда қайталанатын ой өріп жүр. Ойлап қарасақ, бір жолды болсын қысқарту оқырманның күш-жігерін айтарлықтай үнемдейді. Бірақ әрбір қысқартудан автордың қаламақысы азаяды.

**Сонда жүрек қалай тынышталарды?**  
Қаншалықты багтыл болса да, қазіргі дағдарыс тұдырған меркантилизм әдебиетте жеңіске жете алмайды. Керемет өштен де әкелмейді. Өйткені ол шабытқа жат. Соңғы жылдары ол бірнеше рет жеңіліске ұшырап та үлгерді. Дегенмен, әдебиетте меркантилизмді орнату әрекеттері тоқтамайды. Бұл үрдіс ойлы оқырманды сарек болуға міндеттейді. Қазір әдебиет айдынына қосылған әрбір нашар туынды қалқып шығып, жалпының деңгейін көрсетеді. Ал, нағыз әдеби шығарма тұңғышқа түседі немесе заманның ағысына ілеседі. Жамандық, өрине, кеше туған жоқ. Бірақ барлық мәселе өлшемде. Біз рұқсат етілен шектеулерден баяғыда асып кеткен сияқтымыз.

Бұл – француз жұртының зиялы қауым өкілдері «Әдебиет өлді» деп дабыл қаққан 1839 жыл болатын. Радионың пайда болуына өлі 60 жылдай уақыт бар еді...

Биболат СӨТЖАН



Отыз жыл қайта жаңғырған мемлекет күн көп уақыт емес. Қоғам алға жылжыған екі ғасырдың тоғысында қантөгіссіз, бөйбіт жолмен көлген жаңа заман өкілдерінің бақыты, көлемек ұрпақтың шаттығы – тәуелсіздік. Бүгінгі нөмірімізде қасиетті сөз өнерін ту қылып, түйінді ойын көркем ұғыммен жеткізетін жас ақындардың тәуелсіздік тақырыбындағы туындыларын ұсынуды шештік.



**САМҒА, ЖАСТЫҚ!**

Аманатын бабамның сақта дермін. Сен өйткені текті елдің ұланысың.  
Ел үміті өзіңсің, Ел ертеңі, Бірегей болғайсың мақтаулы ердің.  
Самға, Жастық! Адал бол пәк көңілді, Еңбегіңмен көркемде ақ терімді.  
Қарияға сәлем бер, құрметте оны, Ізіліпен өткіз бұл төтті өмірді.  
Самға, Жастық! Қамкор бол кшілерге, Сүйре елдің сеніммен көшің өрге.  
Сен бар болсаң, Жігерлі, күш-кәйратты, Бақыттыңан өңді елім көшігер ме.  
Самға, Жастық! Азат ел қыранысың, Жырла, Жастық, Рухты жыр-әннәм, Сен ойлөйсің тарихи кезеңдерде,  
Самға сен, Самға сен, Самға сен, Әр үніңмен тұтат та таңғы алауды.  
Дүниені сөлт еткіз, Жапыңмен Жалт қаратып тандандыр бар галамды.  
Самға, Жастық! Биіктен көп бұлаға тек, Бықт қусын қолыңа қондыр әкеп.  
Саған бағыт сілтейін, ақыл айтып, «Жас күніңді бостан-бос көр қылма» деп.  
Самға, Жастық! Сенімін ақыл елдің,

Сен өйткені текті елдің ұланысың.  
Самға, Жастық! Сүйсініп қарасын ел, Өз өліңмен табанды жарасын ер. Өз өліңнің ұлы бол, Ұлысы бол, Бақытына сені де баласын ел.  
Самға, Жастық! Бар бақыт жолында тұр, Жайна, Жастық! Жаңарып, жалында бір. Болашаққа жол салшы біліңмен, Ел ертеңі өзіңнің қолында тұр!  
Самға, Жастық, Жина да бойға күшті, Ізден және серік қыл пайдалы істі.  
Сен бәріне ариге жауаптысың, Ел ертеңі тек саған байланысты!

Ақтөре ИБРАГИМҒИЛЫ

**ТӘУЕЛСІЗДІК ДЕГЕН НЕ?**

Тәуелсіздік деген не, сарапалық, Тұлғаларды төрге қойып, бір толғайық. Тәуелсіздік – біздерге берілген бақ, Одан басқа таба алдың ба, жауап лайық.  
Тәуелсіздік – қыран құс қалықтаған, Қалықтаған, биіктен жалықтаған.  
Тәуелсіздік – ол арыстан, нағыз патша, Бақша аңдар қадірлеп, ұлықтаған.  
Тәуелсіздік – салт-дәстүрін жақт болған, Тәуелсіздік – сенің тілің, байлық топаң.  
Тәуелсіздік – өшпес діннің, ақиқатты жақтаған, Тәуелсіздік – үлкен белес асуларға бастаған.  
Кешегі күн – бүгінгі тарих, айналтын аңызға, Тарих алуды – егемендік, құнды болар қазына.  
Оны білу – болашаққа бастар жол, Мәңгі бақи дарысын көктем, күз бер жазына.  
Тәуелсіздік деген не, көп өкен оның жауабы, Өз ойын айтып барлығы, өзіне жауап табады.  
Тәуелсіздік – өшпес діннің, ақиқатты жақтаған, Тәуелсіздік – ол сенің нағыз бауырың, Қазақ болған, қандас болған, рухты болған бағалы.



**БЕЙБІТТІМДІК ЖОЛЫҢДА...**

Қарапайым жаздың шырай күнінде, Кім ойлады, көрем деп азат түнінде. Түткілден келді мына зұлғылар, Естіледі аяншы, шырылдаған үнінде.  
Тозақтың шоғы жерде лаулап жатқанда, Қантөгіспен бұл тандары атақанда. Сол кездегі аңғарың көз жасы, Жас емес, көзден сорғалап қан аққанда.  
Кезде толы қорқыныш, қара түнек астында, Аттанып олар үмітпен, шырақсыз қалып ақсында. Ұрпағымыз оты сөйген азғырған шадмаи, Оғымен ен жаны кетті көз аспаңға.  
Қаншама тілек айтылды іштей мыңдаған, Қантөгіспен-тұлға, жауды түртіп сыңға алған. Сан түрлі сынақ түрлі болса да, Қаһарманның тәуады рухы сымбаған.  
Түрлі ұран тасталды бел ортаға, Артық қарай шөңбеді, ұрандағты «тек алға!» Бейбітшілік үшін аянбады, Барын салды солдаттар, Құресте болмайды тіпті қорқау.  
Темірдей теріп, қырандай көз Бауыржанда, Өлім, Мәншүк ажалы болды зұлғым жанға. Жостары құнды Қасымның, Белгіленген қартасы, Ел үшін жасаған ерлігі ел жадында.  
Бітпейді деп ойлады қияметті, Бірақ бұйырғаны рахым етті. Жүректен қалған өкініштің жарасы, Жеңіске жетпей, жас өрендер ұшылып кетті.  
Жыламасын сәбилер, жыламасын асыл аналар, Келтейді бірақ, өшейді жүректені жаралар. Бұл сұрпыл не берді мына өлемге? Не берді, айтыңдаршы ей даналар?  
Бейбіт өмір сыйлады байтақ елге, Араздықта түспесіңіз мына елге. Қан мен тердің арқасында рухты берген, Бейбітшілік орасыншы үміз жерге.

Диас МҰСТАХИМОВ, М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжіннің студенті



**ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ТАРТУ**

Билегенде тарихымның тақтасын, Сөзгендеймін сана дамыл таппасын. Бүгін міне бұғалы тұр дегбір ой, Жүректегі шабыттың мақтасын.  
Егемен ел! Еркіндік қолы жетті қазақтың. Арнайылып аспанында азат күн. Ерің де өзін Отан үшін от көшер, Жерің қазір жәннатыйдай ғажап тым  
Ұлы дала! Көш кейіндеп қалмас сенен мәңгілік, Төскейінде сан саптанат сән құрып. Бұл шақта мен құшығым асып аласаң, Құшақтар ем құшырғымды қандырып.  
Бәйтақ өлке! Байрағымыз қия-шыңға қадаған, Жайларыңды жыр етуге жараған. Айбарыңда ата-баба мұра еткен, Сан жолыңа осы өлеңім садаған.  
Елдігің де! Қазақ үшін егемендік құнды дем, Сол саясат қорғамын да сұмдығы ең. Алғайды жыр арнап тұрмын төрінде, Тәуелсіздік құрбағдары сынды мен.  
Жерім менің! Дүниеге даңқы да аян алдаспан, Ұрпағыңа мұра болып жалғасқан. Ата заның алтын өріп тәнбалар, Жер аңаңның кіндігіне жармасқан.

Бексұлтан САНАҚҰЛ

**БАЛАЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕМІНДЕ**

Был – «Балалар әдебиеті» жылы. Балалар әдебиеті – ұлттық мәдениетті сақтаудың, ана тіліміздің байлығын арттырудың таптырмаз құралы. Бұл тақырыпты тереңінен тартып жүргендер бар. Бірақ жастар арасында насихат өлі де аз, қалам тербеп жүргенің некен-саяқ. Алайда кезекті газет оқырманы, ең жас авторлығың осының орынтоптыруды мақсат етеді екен. Сіз де өңді ғана шығармашылыққа қадам басса деген жастың жазғанына үніліп көріңіз...



**АСЫЛ ДОС**

Қиындықта қалдырмай, Өрқашанда жаныңда. Досың барда қамықта, Сүйінбейсің, қалықта.  
Сырыңды айтып бөлісіп, Хал сұрасып, білісіп, Көріспесің сағынып, Уайымдамайын көрмесем, Бір өзіңді аландан.  
Асыл дос, жақын дос Аман болшы, гүлдейтүс. Үстем болып мерейің, Өсеті өтсін әр таңың!  
Сөзім САҒАТБЕК, С.Әлжіков атындағы №144 қазақ орта мектебінің 4-сынып оқушысы

АШКӨЗ АВТОРЛАР





Бұған дейін шаһар басшысы Ганибек Қазанғаев Сыр журналистерімен кездесуде айтылған ұсыныстарды қабыл алып, «Қаламгерлер аллеясын» ашуды жоспарлаған болатын. Оның орны Сыр алыптары – Қалтай Мұхамеджанов, Әбділда Тәжібаев және Зейнолла Шүкүрөвтердің ескерткіші орналасқан аумақ болып белгіленді.



Ардагер журналистер Жолдасбек Ақсақалов және Игорь Титенок «Қаламгерлер аллеясының» салтанатты түрде лентасын қиыды. Ашылу салтанатында қала әкімінің орынбасары Бектас Нұрдиннов сөз сөйледі.

«Еліміз тәуелсіздік алған тұста қазақ журналистикасы да ерекше қарымен дамып, жас мемлекетімізбен бірге түледі.

Сіздер тәуелсіз еліміздің даму тарихындағы небір қиын-қыстау кезеңдерде қоғамда орнықты ой-пікір қалыптастырып, халық пен билік арасында алтын көпір бола білдіңіздер. Қоғамның тынысын дөп басып, көптің көкейіндегісін билікке жеткізіп, ортақ мекеніміздің жетістігін насихаттау жолында тынымсыз еңбек етіп жүрген баршаңызды ел тәуелсіздігінің

30 жылдығымен құттықтаймын. Мерейлі мереке аясында ашылған аллея игілікке жарасым – деді қала әкімінің орынбасары.

Жаңа аллея алдағы уақытта абаттандырылмақ және шығармашылыққа жақын жандардың, әсіресе, жастардың бас қосар алаңына айналып, түрлі шараларды өткізетін рухани орынға айналары сөзсіз.

«**БАРЛЫҚ КИНОТЕАТРЛАРДА**



«**КОРОЛЬ РИЧАРДТЫҢ» КӨЛЕҢКЕСІНДЕ КІМ ТҮР?**

Технология сәт санап дамып, қолдағы телефонға да кино түсіру мүмкіндігі бар кезеңде адамзатты кез келген тұндымен тандандыру мүмкін емес. Осындайда Альфред Хичкоктың «Ұлы фильм түсіру үшін үш-ақ нәрсе қажет: сценарий, сценарий және сценарий» деген сөзі еріксіз еске түседі.

Айта кету керек, осы жылы пандемия кезіндегі сатылымның қысқарғанына, түрлі дағдарысқа қарамастан кино саласындағы мамандар үздіксіз ізденіс үстінде екенін танытты. Соның ішінде «Король Ричард» фильмі трейлерінің Warner Bros ресми арнасында 12 миллионнан астам қаралым жинауы жыл жаңалығы іспетті. АҚШ-та түсірілген туындының премьерасы 18 қараша күні өткен. Фильмнің танымал болуына не себеп? Жаңа кино қандай идеяны алға тартады?

**ЖАҚСЫ СЦЕНАРИЙ – ЖАРТЫ КИНО**

Драма, нақты оқиғаға құрылған өмірбаяндық фильм жанрындағы туындының режиссері – Рейналдо Маркус Грин. Ал сценарийін Зак Бэйлин жазған. Екеуі де – американдық кино саласындағы жас маман. Актерлік құрама Уилл Смит, Соня Синди, Деми Синглтон, Джон Бернатал, Лив Шрайвер, Онжано Эллис, Дилан Макдониел сынды есімдерді көздеріңізге болады.

Ресми түрде сценарий авторы Бэйлин боп саналғанымен, басты кейіпкер Ричард Уильямстың еңбегін жоққа шығара алмаймыз. Себебі ол өз мен қыздарының өміріндегі ең тартысты, естен кетпейтін оқиғаларды 2014 жылы «Ақ пен қара: менің көзімнен» атты мемуарлық кітап ретінде жарыққа шығарған. Жарияланған аз уақыттың ішінде үздік өмірбаяндық кітап ретінде мойындалып, үнділерді қанатты сөз түрінде тарап кетті.

Киноның сюжетіне оралсақ, туынды әпкелі-сіңлі екі қыз, әлемге әйгілі кәсіби теннисші Венус пен Серена Уильямстың әкесі Ричардтың өмірін баяндайды. Ричард әйелі Брэндинмен, бес қызымен бірге Комптонда тұрады. Болашақта қыздарынан чемпиону шығаруды мақсат еткен ол аталған бестікке күн сайын теннис ойнал, жаттығу жасауын міндеттейді. Спорттық үйірмелерге ақшасы жетпегендіктен, қаладағы

мекемелерге соғып, қыздарын тегін жаттықтыруын сұрайды. Ойтқын олардан чемпион шығатынына сенімі мол. Тіпті, кей сәтте қыздарының балалық ішкі қалауларын ысырып, «чемпион болу» жолында тәртіп пен үздіксіз дамуды алғашқы орынға қояды.

Спортсұмар ағайынның назарын аудармай қоймайтын туындыда әуесқой тенниспен айналысып, алайда өзінен озық, әлем чемпиондарын баптай білген әкенің жігерін байқаймыз. Қыздары дүниеге келмей тұрып мақсат қояы, соған жету үшін жоспарлы түрде жұмыс істеуі талапшыл әкені жетістікке жеткізбей қоймады: бес қызының ішінде соңғы екеуі Венус пен Серена теннистен «әлем чемпионы» атанып, кәсіби спортшы ретінде біраз шақырту алды.

**ДАҢҚТЫҢ ДАҚПЫРТЫ**

Құны 100 млн долларды құрайтын фильм жарияланған сәттен көпшіліктің талғамынан шығып үлгерген.

Rotten Tomatoes сайтының мәліметінше, фильмді көргендердің 91 проценті үздік деп бағаласа, орташа рейтингі 10-нан 7,2 баллды құрайды. Мұндай жоғары рейтинг басты рольдегі Уилл Смиттің арқасында болуы мүмкін деп болжағанымызбен, әлемдік кино сарапшылары туындыға түрлі қырынан қарап, сыни көзқарастарын жасырып қалмады.

«Сюжеті жағынан үздік ойластырылған фильм, бірақ сценарист пен режиссер Ричард Уильямстың барлық әрекетін дұрысқа балап, адам ретіндегі жағымсыз тұстарын, кей қасиеттерін жоққа шығарғысы келеді. Осындай қатал және тәртіпті бірінші орынға қоятын адаммен қалай өмір сүруге болады? Талапшыл әке бір қызды екініңше қарағанда көбірек қолдады ма? Мұның бәрі құпия болып қала бермек», – дейді сыншы Питер Брэдшоу. Бір айдың ішінде бүкіл кино әлемін шұпатқан «шедевр» жайлы пікірлер мұнымен толастамады.

– Бұл өте әсерлі отбасылық кино. Өрине, туындыда санаға жарылыс жасайтын ештеңе жоқ. Бірақ бастысы мұндағы әр кейіпкердің риясыз бейнесі шынайы өмірді, айналымда

армандап, құны биік мақсатына қол жеткізе алмаған әке – бүгінгі тынымсыз балкер, қыздарының болғанын өзі шындей қатал ұстаз.

Психологтар басты кейіпкер Ричардтың әр отбасыда кездесетінін айтады. Көп жағдайда ата-ана жастық шағында мақсаттарына қаржылық қиындықтардың себебінен қол жеткізе алмайды да, болашақта өз арман, қалауына баласына «тықпалайды». Осылайша өз зғосын қанағаттандырады. «Мен көрмегенді баладан көрсін» деген қазақ тілшінің астарында да осы бір ішкі қалау жатыр.

Алайда әр бала – жеке тұлға. Өз өмірі үшін таңдауды өзі жасауы тиіс. Қос кейіпкердің теннис үйірмесіне қатыспай-ақ әлем чемпионы атануы әкесінің орындалмаған арманын жүзеге асырумен тең. Ол бірінші сыныпты бітірген тұлғалардың мамандық таңдауда тауы шығылып, өзі басқаны қалағанымен, ата-анасының айтуы бойынша өзге салаға кетуі де қарапайым мысал. Яғни, фильм бір қарағанда талапшыл әке мен мақсатқа жету жолындағы тынымсыз күресті сипаттағанымен, астарында мүлде басқа мәселе бар. «Өзінді тану – әлемді тану» дейді дағуилер. Демек әр баланың өзін таныуы мүмкіндік беру ата-ананың қолында деп топшыладық фильмді тамашалай келе.

Дина БЕКБЕАЙ



Бүгін шаһарда әлемге әйгілі KFC компаниясының жылдам тамақтану мейрамханасы ашылды. Қаладағы жаңашылдыққа тән мейрамхана «Gray city mall» ойын-сауық орталығының жанында орналасқан.

**ҚЫЗЫЛОРДАДА KFC АШЫЛДЫ**



Филиал басшылығы KFC барлық мейрамханаларындағыдай өнімнің жоғары сапасын және ингредиенттерді сақтау мейрамхана 32 адамды жұмыспен қамтыған. Мейрамхананың тағы бір ерекшелігі – Auto KFC қызметі, яғни, көлік ішінде терминал арқылы тапсырыс беріп, мейрамхана өнімін ғимараттың сыртынан алуға болады.

Мейрамханаға қызметке орналасқан Алматы жұмыстың қызықты әрі жауапкершілігі мол екенін айтады. – KFC – біздің қаланың ерекше жаңалығы. Құрылысы мамыр айында басталған сәтте жұмысқа орналасуды жоспарладық. Мен үшін таңсық дүние болды. Қазір Алматы қаласынан келген әріптестерімізден барлығын үйірініп жатырмыз. Тәжірибелі мамандардың берері мол. 7-желтоқсанның бастап қала тұрғындарына қызмет көрсете бастадық. Қызылордада алғашқы мейрамхана болғандықтан келушілердің қатары көп, – деді Алмас.

Айта кетейік, KFC – (Kentucky Fried Chicken – Кентуккидің қуырлығын тағуы еті) алғашқыда америкалық, бүгінде халықаралық мейрамхана желісіне айналған. Тағамының кез келген түрі тауық етінен дайындалады. Негізінен қалаған – Гарланд Сандерс. Желілік тағамның әлемде 18000-нан астам мейрамханасы жұмыс істейді.



Қазақ радиосының 100 жылдық мерейтойына орай Қызылордадағы көшеге радио атауы берілді. Ұлттың ұнжариясы еліміздің сол кездегі астанасы Ақмешіттен 1925 жылдары әуе толқынына шыққан. Қызылорда қаласындағы Қазақ радиосы көшесінің ұзындығы – 400 метр.

Қазақ радиосы 1921 жылдың қазан айында ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының бастамасымен Орынбор қаласынан ақпарат тарата бастады. Оның тарихы Қызылорда қаласымен тығыз байланысты, себебі бір кездері радио қаладан 5-6 жылдай әуе толқынына шығып, кейін

қош Алматы қаласына қарай бой түзеді. Радионың 100 жылдығын атап өту бойынша іс-шаралар жолында бөкіл, биыл жыл бойы рухани-мәдени жобалар жүзеге асуда. Соның бір көрінісі қаладағы бұрынғы «Саяхат-11» көшесі – «Қазақ радиосы» көшесі болып қайта аталды.

**Нартай Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында желтоқсан айында қойылатын спектакльдер:**

- 15 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне арналған Д.Рамзанның «Абылай ханның арманы» тарихи драмасы
- 17 желтоқсан – А.Володиннің «Кездесу мен қоштану» драмасы
- 18 желтоқсан – «Сыр әзілі» әзіл-сықақ бағдарламасы
- 20 желтоқсан – Ө.Арабкөвтеңнің «Бір түп алма ағашы» драмасы
- 23 желтоқсан – А.Жапаровтың «Әйел тағдыры» драмасы
- 25 желтоқсан – Р.Киппінгтің «Маугли» балалар қойылымы
- 26 желтоқсан – Т.Уфимцеваның «Ұйқыдағы ару» балалар қойылымы
- 27 желтоқсан – Е.Шварцтың «Күлше қыз» балалар қойылымы
- 28 желтоқсан – Ш.Перронның «Естік қиғен мысық» балалар қойылымы
- 29 желтоқсан – Д.Урбаннның «Барлық тышқан ірімшікті жасқы» балалар қойылымы
- 30 желтоқсан – А.Салбановтың «Ойыншықтар» балалар қойылымы









# 2000 \$ ТҰРАТЫН КӨРПЕШЕНІ КІМ ТІГІП ЖҰР?

Дәстүрден танбай, қолөнердің қадірін арттырып, оны заманауи технология тілімен үндестіргендер аз емес. Ұлттық брендті қалыптастыру жолында аянбай төр төгіп жүргендердің қатарында елге танымал этнодизайнер Бірза Тұрсынза да табылады. Осы санда ата-бабадан қалған асыл мұраны сақтап қалу, ұлттық дүниеге көзқарас, ізбасар тәрбиелеу жөнінде қолөнершінің пікірін қамтыған едік.

Ине мен жігіт серік еткен кейіпкеріміз көпестерге бала кезден құштар. Анасының тігін машинасын ерте иемденіпті. Осылайша ескі сандықты сәндеп, құрақ көрте тігуге әуестенген. Этнодизайнер әулетіне басқа кәсіптен айналдықпен, сонанда іскерлік өнерге деген ынтасы мен ықыласы ақыры жеңгені айтады. Негізгі мамандығы – биология пәнінің мұғалімі болса да, оны тастап, «Алтын орда» авторлық дизайнін үйіп құраған. Алғашқы топтамасы алты құрақ көрте мен жастықтан ғана тұрған екен. Ал қазір Бірза Тұрсынзада бастаған шеберлер тобы толықтай қазақы нақышта үй сәндеп, мыз жасауын, кестелі ұлттық киімдер тігуден айналысады. Өзі ісін аса ықпалдылығымен қарайтын дизайнер әр бұйымды тігеден бұрын оның тарихына ерекше мән береді. «Әу баста іскерлікті ерікпеннің ермегі деп санағандар болған рас. Олар бұл кәсіптің пайдасын ала алмайтын еді. Бірақ қолөнер – мен үшін табыс табудың көзі емес, көңіл қалауым, ұлттық дүниелерге деген құштарлығым. Сондықтан болар, бұл кәсіпке көп күш пен қаржы салдым. Уақыт өте халықтың ұлттық бұйымға деген қызығушылығы бас қаламызда деген көсіпті жандандыруға сөйлеп болды. Ермақ қылып жасаған алғашқы затым – алтын көрпелер. Сондықтан мекеме аты да осымен байланыстырылды. Бүгінде «Deluxe» санатындағы көз жауын алатын дүниелерге сұраныс жоғары. «Шақарады суреттер» атты вернисаж көрпе, «Юлю әуендері» деген көрпелер топтамасы, «Жібектің жасауы», «Баянның жасауы» деп аталатын туындылар да көптің ігілігіне жарауда. Сонымен қатар тапсырыс алғаннан кейін сол отбасының тарихын зерттейтін бар. Ұлттық бұйымдар тек әдемі ғана болмауы тиіс, отбасының тарихына сыр шертетін дүрыс. Оның түлі негізі, тарихи тамыры сақталуы керек. Сондықтан арнайы қалпағар, мұражайларға барамын», – дейді шебер.

зауытынан тапсырыспен алынатын көрінеді. Әсем дүниелердің бағасы нарық талабымен байланыстырылған. Эконом, бизнес және элит кластары бұйымдар болып бөлінеді. Бағасы 55 мың теңгеден басталады. Ең қымбат

«Жоғары экспозиция тіуындылар жасау үшін дайындығы жоғары шебер қашанда қажет. Бұл мәселе бойынша қиындықтарға тап келген едік. Әсіресе, бізде кесте тігетін, көрте құрақтайтын қыз-келіншек ташы. Шебер іздеп, табынынан тауысқан кездерім аз болған жоқ. Содан кейін шеберлерді елден іздемей, өзім үйретіп, дайындауға еңбек еткізіп тұрсам дедім. Сөйтіп ақылы түрде шеберлік сабақтарын ұйымдастырдым. Бұдан нәтиже шықпады. Ақылы сабаққа қарағанда кездерім аз келмеді. Келушілердің дені тек бизнестік көзқараста, яғни ұлт өнерін дамытса деп емес, үйреніп алып, пайда талса деп деген ниетте болды. Ақыры шеберлік сабақтарын ұйымдастырдым. Оны үйрететін болдым. Облыстарды аралап тегін шеберлік сабақтарын өткіздім. Келушілердің қатары қалың болды. Қыз-келіншектер көп нәрсеге үйренуге тырысты. Мың бәйбіше, «Асыл ана» әлеуметтік жобасы аясында ұйымдастырылған «Көрпе Fest» мега-фестивалінен шыққан нәтижені өз жаман емес. Қолөнердің бар құдіреті, титтей нәрсені көрсетсең, қолына ине алмаған қыздардың өзі тігуді бастап кетеді. Қазір әлеуметтік желіде де, Youtube каналда да бейнесабақтар өткізуді қолға алып отырмын. Бастысы, жастар төп тарихымызды сусындыса, қолөнерімізден қол үзбесе деген ниетім бар. Үйде отырған қыз-келіншектер де бос отырмай, табыс табуға деімін», – дейді кейіпкеріміз.

Бірза ханым өмірлігімізге аз уақытта шетелдіктерді де тәнті еткен. Мәскеу, Франция, Италия, Германия секілді сырт елдерге шыққанда шебер қазақ мәдениетінен сыр шертетін бұйымдарды насихаттап, нағыз өнер көңіл елдің ішінде өмірін айта жүреді. Бірзаны қолөнерден талсаң Бірза Тұрсынзадың бұл өнері де лайықты дегенге бағаланып отыр. «Алтын орда» дизайні үй Президент тағайындаған «Алтын сапа» сыйлығына ие болған. Ал Қазақстанның қалыптасуы үшін «Алтын сапа» «Осақ» сыйлығымен тең. Мекеме «Қазақстанның ең үздік өнімі» байқауынан бас мәнне жеңімпаз атанған.

M.СНАДИН



көрпелік бағасы – 2000 АҚШ доллары. Қолөнер шеберінің айтуынша, бұл тек көрпе матасының емес, оған жұмсалған қаншама күндік сөз майы және соңғы технологиялық мүмкіндіктерді пайдалана отырып тіккен тігістің құны. Дизайнер брендтің құнын түсіруге болмайтын алға тартыды. Қазақ бренді де әлемге танылған «Kemp», «Gucci», «VU» тесек-жаймаларынан кем емес деген пікірде. Сондай-ақ Бірза ханым қолөнерге қанықсам деушілерге бар білгенін үйретуге даяр. Қазір оның Инстаграм желісіндегі парақшасында 2 млн оқырман бар. Ал «Ytza Turynzada live» Youtube арнасында 30 мыңнан астам жазылушы тіркелген және осы арнада әлемнің 70 елінен қыз-келіншектер шеберлік сабақтарын тамашалайды.

Көзкіші фотактор: М.КЕНЖЕГЕУЛОВА



Кейіпкеріміз Раушан Болатбек қала орталығындағы «Deluxe» сұлулық салонында жұмыс істейді. Бұған дейін ер адамдардың ғана шашын қиятын барбершоптардың бірінде шеберлерден тәлім алып, тәжірибе жинап, шаштараз ісіне өбден машықтанған. Сондықтан оның кәсібилігіне келушілер ден риза.

## BARBERSHOP-ТЫҢ ШАШТАРАЗДАН АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ КӨП

«Бұрындары косметологияға қатысты арнайы курстардан калмайтынмын. Шаштараз ісінде шыңдалдым. Бір сөзбен айтқанда, тәлімді іздедім. Соның нәтижесінде салаға тусалдым. 5 жылдық тәжірибем бар. Barbershop – ең алғаш 18 ғасырда пайда болған ұғым. Алғаш Еуропа мен Англияда кең тараған бұл кәсіп болғанмен заты сол шаш қысқартудың айналасында. Ерекшелігі мұндағы қызметке шаш қысқартудан бөлек, сақал



шешеді. Олар атақты футболистердің, мысалы, Роналдонның үлгісін қайталағысы келеді немесе Спайдермен, Бэтмен секілді мультфильм кейіпкерлерінің өрнегін салып беруді ұсынады. Біз өз кезегімізде клиенттің қалауын орындап, сұраған шаш үлгісін жасап береміз. Ал бұрынғы шаш үлгісінен шаршағанда немесе жанышылдықты қалаған кезде ер адамдар креативті шаш үлгісін ұсынуды сұрайды. Сонда қиялыма ерік беремін. Жаңа образ ойлап табу мен үшін қиын емес», – дейді ол.

Біз барған сәтте ішінің өсемдігі көз тартатын, барлық құрал-жабдықтары заманауи технологиямен жабдықталған, мұндағдай таза гигиенаны келушілер жағатын қалың өнерін байқадық. Барбер қызметінен бөлек бөтаспап мамандар мұнда маникюр, педикюр, бөт өрлеу жұмыстарын орындай жолдауда. Олардың барлығы келушілерді жылы қарсы алып, ізетпен шығарып салуға дайындалған. – Киентер күнібұрын жазылады. Қызмет көрсететін баға прекуррантта жазулы тұрады, барлығы қолжетімді. Қысқасы, біз сан әлемге енген жаңалықтар құр қаламыз тырысамыз», – дейді кейіпкеріміз. Ғалам сұлулыққа құмар, әлем әдемілік асық. Сондықтан да бұл сала жыл өткен сайын жандана берері сөзсіз. Талапты да талантты барбер осыны қадеге асырып, болашақта мемлекет ұсынған тиімді мүмкіндіктерді пайдалануды шаштараз алушы да ойлайтынын айтты. Мәқсаты – бала кездегі арманна қанат бітіріп, бизнестен береке табу.

Айлин МАНСҰРҚЫЗЫ

# JULY Z – JORAMAL

(9 – 16 желтоқсан)

<p><b>Тоқты</b> Апта ересікке көңіл-күй сыйлайды. Бір уақытта бірнеше жұмыс істеуіңізге тура келеді. Оған еш ренжімейсіз, бірақ назарыңызды бір жұмысқа аударғаныңыз дұрыс. Алптада достарыңызбен бас қосасыз, мерекелік кеш көп болады.</p>	<p><b>Тәуешкі</b> Ойланғыңыз. Егер алғашы күндерге жоспар құрсаңыз барлық жұмысыңыз алға басады. Өз мүмкіндігіңізді пайдаланып, барлық жұмысты дөңгелетесіз. Ұстаздар, несиешілер, саудагерлер және делдалдар үшін өте сәтті күн болмақ. Бір жағдай алптада табысты болады. Әсіресе топ болып жұмыс істейтіндерің аны осыған тұрады.</p>	<p><b>Сарышапа</b> Ештенеге апанданамыз. Көп күш жұмсамастан біраз жетістікке жетуіңіз мүмкіндігі бар. Сіз барлық мүмкіндікті көре аласыз. Сүйегіңізбен бірге болыңыз. Ол өзін жалғыз сезініп жүр, қолдау көрсеткеніңіз жөн.</p>
<p><b>Торпақ</b> Қандай мәселе орын алса да, өз ақылшыңызды тыңдаңыз. Сонымен қатар қаржылық мәселені біріншілайыңыз. Алптада өмірдің жаңа басталғандығын айтқайсыз. Өзіңіздің жоспарларды жүзеге асырып, белсенділік танытатын уақыт.</p>	<p><b>Арыстан</b> Адамдармен тіл табуы қиына соғады. Тіпті жақын адамдардың өз сөзі дұрыс түсінбеуі мүмкін. Оған қабілеті терең жаңдар орын алған оқиғалардың соны қалай аяқталатынын жақсы біледі. Сондай-ақ барлық жұмыста белсенділік танытып, оң шешім табуға атсалысады.</p>	<p><b>Мерген</b> Достарыңыздан хабар күтіңіз. Жақсы жаңалық болуы мүмкін. Десе де шешім қабылдағанда абай болыңыз. Барлық шаруаны осындай максатқа жету оңайға соқпайды. Бірақ сіз өз берілмеңіз. Табандылықтың арқасында біраз жетістікке жетесіз.</p>
<p><b>Егіз</b> Алпаның жақсы басталады, уақытыңыз бекерге өтпейді. Ойын-сауық кештерге баруыңыз мүмкін. Осы күнінде сергек өткізуге тырысыңыз. Аздаған қиындықтар болады, алйда алаңдауға негіз жоқ. Барі реттеледі.</p>	<p><b>Биіш</b> Бұрын қолыңыздан келмеген шаруаларды алпта соңында дейін жеткізесіз. Бірақ, жөн жөн қарым-қатынасты қалыңға келтіре аласыз. Барыша сабыр сақтай біліңіз. Егер шешімсіздік танытсаңыз, көп қателік жіберуіңіз мүмкін.</p>	<p><b>Сұқұйыш</b> Қандай мәселе орын алса да, өз ақылшыңызды тыңдаңыз. Сонымен қатар қаржылық мәселені біріншілайыңыз. Алптада өмірдің жаңа басталғандығын айтқайсыз. Өзіңіздің жоспарларды жүзеге асырып, белсенділік танытатын уақыт.</p>
<p><b>Шаң</b> Қызметке жолыңыз болады. Қалғаныз да қалыңдайды. Бірақ қалпа қалыңдайды деп достарыңызды ұмытып кетпеңіз. Алптада сәттілік серігіңіз болады. Соңғы уақытта сызат түскен қарым-қатынасты қайта қалыңға келтіресіз. Ескі қателіктерді де жойдысыз.</p>	<p><b>Таразы</b> Сабырлы болуға тырысыңыз. Кейде айналасындағы адамдар сөзі әдейі ашуларды мүмкін. Сондықтан араңда туыстарыңа ерменіз. Жоспарды жүзеге асырып, белсенділік танытатын уақыт. Болсаңыз, зор мүмкіндік орналасуға немесе жаңа кәсіп бастауға қолдайы сәт.</p>	<p><b>Балық</b> Апта сәтті басталады. Егер асығыстық танытпасаңыз, ешқандай қателікке бой алдырмайсыз. Сонымен қатар барлық мәселеде өзіңіз шешім қабылдаған жөн.</p>

## АҚМЕШТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелу алынған, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті. КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

### Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР  
Аманжол ОҢАРАБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:  
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР  
Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдіреді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС өнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018  
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А  
e-mail: aqmeshit\_zhastary@gmail.com  
Instagram: @aqmeshit\_zhastary / сайт: aqmeshit\_zhastary.kz

Таралымы: 8517  
Тапсырыс: 1792